



ҚАЗАҚСТАНДА
МҰГДЕДЕКТЕРГЕ
ҚАНДАЙ
ЖЕҢІЛДІКТЕР
БАР?



Мүгедек – бұл өмірлік қызметіне шек келтіріп, оның әлеуметтік қорғалуын қажет ететін ағза қызметінің бұзылуы, аурулар, жарақаттар, олардың зардабынан болған дефектілері бар денсаулығы бұзылған түлға.

Қазастан Республикасындағы мүгедектерді әлеуметтік қорғау Қазақстан Республикасының Конституциясымен, Қазақстан Республикасының «ҚР мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» Заңымен және Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілерімен реттеледі.





Мүгедектің мынадай құқықтары бар:

- әлеуметтік қорғалу, соның ішінде сауықтыру, қоғамға бейімделу;
- әлеуметтік инфрақұрылым нысандарына кірумен қамтамасыз етілу;
- ақпаратты алуға мүмкіндік берумен қамтамасыз етілу;
- білім беру, қызмет түрін еркін таңдау, соның ішінде еңбекке байланысты;
- Қазақстан Республикасының заңнамасымен анықталатын тәртіппен көрсетілетін тегін медициналық қемектің кепілденген көлеміне ие болу;
- кәсіби дайындық және қайта дайындау, еңбекке жарамдылығын қалпына келтіру және жұмысқа орналасу;
- Қазақстан Республикасының тұрғын үй заңнамасына сәйкес үй алу;
- Мемлекеттік және басқа да үйлімдарда, соның ішінде деңсаулық сақтау, мәдениет, байланыс, көлік, қызмет саласында бірінші кезекте қызмет көрсетіледі;
- Мүгедектердің шығармашылық мүмкіндіктерін қолдау.

Мүгедектерге көрсетілетін әлеуметтік қемектердің түрлері:

- Мемлекеттік жардемақы, өтемақы және басқа да төлемдер;
- Жергілікті атқарушы органдармен көрсетілетін қосымша әлеуметтік төлемдер;
- Жұмыс берушілердің көрсететін қосымша әлеуметтік қемек түрлері.

Мүгедектердің тұрғын үймен қамтамасыз ету

Жергілікті атқарушы органдар:

- Есепке алып, баспанасыз мүгедектерге үй береді;
- Мүгедектер мен отбасылық құрамында мүгедек бер жанұяға баспана кеңістігі жабдықтары мен арнайы құралдар мен жабдықтармен қамтамасыз етеді.



Мүгедектерді жұмыспен қамту

Жергілікті атқаруышы органдар мүгедектерді жұмыспен қамтуды мына жолмен қамтамасыз етеді:

- Қызмет орындарының жалпы санының үш пайызы мөлшерінде мүгедектерге жұмыс орындарынан квота бекіту;
- жеке кәсіпкерлікте, шағын және орта бизнесті дамыту арқылы мүгедектер үшін қосымша жұмыс орындарын құру;
- арнайы, сонымен қатар мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін арнайы жұмыс орындарын құру;
- мүгедектерді кәсіби оқыту үйімдары.



Бірінші және екінші топтардағы мүгедектер үшін:


- Аптасына отыз алты сағаттан аспайтын жұмыс уақытының қысқартылған үзақтығы белгіленеді.
- Үзақтығы кемінде күнтізбелік алты күн болатын жыл сайынғы ақы төленетін қосымша енбек демалысы беріледі.
- Тұнгі уақыттағы жұмысқа тек мүгедектік келісімімен, егер оның денсаулығына мұндай режим тыйым салынбаса жіберіледі.

Еңбек келісім-шартын жасаудан, қызметте өсіруден бас тарту, басқа жұмысқа ауыстыру тек мүгедектің келісімін жүзеге асуы тиіс, егер халықты әлеуметтік қорғау саласындағы облыстағы өкілетті органның аймақтық бөлімшелерінің қорытындысы бойынша оның денсаулығы кәсіби міндеттерді атқаруға келмесе, денсаулығына қауіп келсе және өзге тұлғалардың еңбек қауіпсіздігіне қайшы келсе жоғарыда аталған шаралар керісінше іске асады.



Қазақстанда мүгедектерге қандай жеңілдіктер бар?

Теміржолда жол
жүргуге жеңілдік



Жеңілдікке кімнің құқығы бар? I және II топ мүгедектері.

Жеңілдіктің мәні: көрсетілген тұлғалар республика бойынша барлық «Тұлпар-Тальго» поездарымен жүргуге 50 % жеңілдік ала алады («Алматы - Шымкент» бағытынан басқа). Өскеменнен «Тұлпар-Тальгомен» Астана мен Алматыға дейін жарты бағасына жетуге болады. Жеңілдікті пайдалану үшін теміржол кассасында арнайы «Қамқор» дисконт картасын сатып алу қажет. Ол бар-жоғы 200 теңге тұрады, бірақ (!) біз карталардың әрқашан бар болмайтынын, сондықтан алдын ала қамдану керек екенін ескертеміз.

Дисконт картасының мерзімі - мерзімсіз.

Көрсетілген жеңілдіктер

- ◆ №1/2 «Алматы-Астана»
- ◆ №19/20 «Астана-Атырау»
- ◆ №49/50 «Алматы-Ақтөбе»
- ◆ №67/68 «Астана-Защита (Өскемен)»
- ◆ №69/70 «Алматы-Защита (Өскемен)»
- ◆ №79/80 «Астана-Шымкент»
- ◆ №87/88 «Астана-Ақтөбе»
- ◆ №89/90 «Астана-Қызылорда»
- ◆ №701/702 «Алматы-Петропавл»

Бағыттарымен «Тұлпар-Тальго» жолаушылар поездарына қолданылады.

Анықтама телефоны:

«Қамқор» картасын ресімдеу үшін толығырақ ақпаратты мынадай телефон бойынша алуға болады: **8 (7172) 600-249 • 8 (7172) 600-178**

Әуемен үшүға жеңілдік



Жеңілдікке кімнің құқығы бар? | топ мүгедектері, мүгедек балалар, сондай-ақ олармен бірге жүретін тұлғалар.

Жеңілдіктің мәні: Scat Airlines авиакомпаниясы жыл сайын Қазақстан бойынша авиакомпанияның барлық тұрақты рейстеріне | топ мүгедектері, мүгедек балалар үшін тегін үшү, сондай-ақ олармен бірге жүретін тұлғаларға 50% жеңілдік береді. Тегін үшү және жеңілдік субсидияланған және чартерлік рейстерге берілмейді. Тасымалдауды ресімдеу авиакомпанияның ресми сату офицерінде және өкілдіктерінде ғана мүмкін болады.

Анықтама телефоны:

Клиенттерге қолдану көрсету орталығының бірыңғай нөмірі **+7 (7252) 99 88 80**

E-mail: scat@scat.kz

Представительства авиакомпании:

- ◆ Астана, тел.: +7 (7122) 558545
- ◆ Ақтау, тел.: +7 (7292) 701035
- ◆ Ақтөбе, тел.: +7 (7132) 73 74 66, 99 49 60
- ◆ Алматы, тел.: +7 (727) 330 98 98,
+7 (727) 356 00 39,
+7(727) 270 32 36,
- ◆ Атырау, тел.: +7 (7122) 20 93 40
- ◆ Жезказған, тел.: +7 (7102) 74 57 51
- ◆ Қарағанды, тел.: +7 (7212) 47 96 56, 47 86 56
- ◆ ҚҚостанай, тел.: +7 (7142) 57 60 14
- ◆ Қызылорда, тел.: +7 (7242) 26 27 50
- ◆ Петропавл, тел.: +7 (7152) 46 31 42
- ◆ Семей, Аэропорт 1 этаж.
- ◆ Орал, тел.: +7 (7112) 93 97 08
- ◆ Усть Каменогорск, тел.: +7 (7232) 77 81 37
- ◆ Тараз: +7(7262) 34 51 55, 34 20 13
- ◆ Шымкент, тел.: +7 (7252) 99 88 80



Коммуналдық қызметтерді төлеу бойынша өтемақы



Тұрғын үй жәрдемақысын ресімдеу үшін қайда және қандай құжаттармен өтініш жасауға болады?

ХҚО немесе электронды үкіметтің [egov.kz](#) веб-порталына өтініш жасауға болады.


ХҚО-да талап етеді:

- Нысан бойынша өтініш;
- Өтініш беушінің жеке күелігі – көшірмесі және түпнұсқасы;
- Тұрғын үйді күтіп ұстаяға ай сайынғы жарна шоты (ПМК-де төлем шоты) — ПМК-ден алуға болады;
- коммуналдық қызметтерден шот — егер шоттарды үйге әкелмейтін болса, коммуналдық қызмет көрсететін кәсіпорын оғисінен алуға болады;
- телекоммуникациялар қызметі үшін түбіртек-шот немесе байланыс қызметін көрсету қызметі шартының көшірмесі;
- жергілікті атқару органынан талап етілген жергілікті атқару органы жеке тұрғын үй қорынан жалға алған тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалдау ақысының мөлшері туралы шот;
- отбасы табысын раистайтын құжаттар (тиісті ақпараттық жүйелерден алынатын мәліметтерді қоспағанда). Бұл ретте алимент мөлшері жұмыс берушінің аударылған алименттер немесе алынған алименттер туралы пошта аударымдарының түбіртектерімен, сондай-ақ сот органдарының алимент өндіру туралы шешімі қоса берілген жазбаша өтінішпен расталады. Соттың төлеу туралы шешімі бар болса, бірақ борышкер назар аудармаса? Берешек үш айдан асса, сот орындаушысынан тиісті анықтама алу керек.

egov.kz порталына соны жіберу керек, бірақ сканерленген түрде. Өтініш пен жеке кәулікіті, онда қызмет алушының сандық қолымен (сандық қол ХҚО-да беріледі) күеландырылған электронды құжат нысанында сұратуды ауыстырады. Егер өтініш беруші қатты ауырған болса, мүгедектік тобы болса, ХҚО-на оған үйде қызмет көрсету туралы өтініш жасай алады. Бұл үшін бірыңғай байланыс орталығына мынадай телефондар бойынша қоңырау шалу керек: **1414** немесе **8-800-880-77-77**.

Тұрғын үй көмегін көрсету туралы өтініш қаншалықтық ұзақ қарастырылады?

Бұл үшін ҚР Ұлттық экономика Министрінің 9.04.2015 жылғы № 319 бұйрығымен бекітілген «Тұрғын үйлік көмек тағайындау» мемлекеттік қызмет стандарты бар. Онда ХҚО-на құжаттар пакетін тапсырған күннен немесе электрондық үкімет порталына өтініш жасалған күннен бастап 10 күнітзбелік күндік мерзім көрсетіледі.



Сауықтырудың жеке бағдарламасы бойынша мүгедек қандай талап қоя қалады?

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» Заңына сәйкес мүгедектер сауықтырудың жеке бағдарламасына сәйкес протездік-ортопедиялық көмекпен, арнайы қозғалу құралдарымен, сурдо-, тифлокүралдармен, басқа техникалық көмекші (компенсаторлық) құралдармен, сондай-ақ мемлекеттік тапсырыс шеңберінде мемлекеттік бюджет қаржысы есебінен санаторлық-куроттық емдеумен қамтамасыз етіледі.

**Сауықтырудың жеке бағдарламасына
не кіруі мүмкін?**



Медициналық белік бойынша:

1. Диагностикалық зерттеулердің қымбат түрлери: томография, полимераздық тізбек реакция (ПТР) әдісімен талдау, иммунофенотипирлеу, ангио-графия (мәтін соңындағы сілтеменің 3-т. қараңыз).

Сауықтыру бойынша:

1. Белгілі бір аурулар кезінде – тегін дәрілер (тізбесін сілтеменің 4-т. қараңыз).
2. Салалық санаторийге жолдама (санаторийге жылына бір рет, оның ішінде бірге жүретін тұлғаға жолдама ресімдеуге болады).
3. Міндепті гигиениялық заттармен қамтамасыз ету: несеп қабылдағыш, нәжіс қабылдағыш, жөргектер (сілтеменің 7-т. қараңыз).
4. Тұрлі емдеу-сауықтыру іс-шаралары, оның ішінде емханада немесе жатып емделуде.
5. Көрсеткіштер бойынша сауықтыру шаралары.



Тірек-қозғалыс аппараты аурулары кезінде:

1. Кресло-коляска (сілтеменің 7-т. қараңыз).
2. Тегін протездер (туторлар, ортездер, балдақтар, таяқтар, жүріс арбалары) және басқа протездік-ортопедиялық құралдар (мүгедектер санатына байланысты) (сілтеменің 2, 6 және 7-т. қараңыз).
3. Дәрігерлердің қорытындысына байланысты – тегін немесе ішінара ақылы ортопедиялық аяқ киім (протездеудің барлық сұрақтары бойынша сілтеменің 7-т. қараңыз).

Есту мүшесінің мүгедектігі бойынша сурдотехникалық құралдар:

1. Тегін есту аппараты (сілтеменің 7-т. қараңыз).
2. Мәтіндік хабар мен бағдарлама бар арнайы телефон.
3. Керең және нашар еститін тұлғаларға арналған сағаттар.
4. 2018 жылғы қаңтардан бастап – бейнекомпьютер (сілтеменің 6 және 7-т. қараңыз).

Көзі нашар көретін мүгедектер үшін тифлотехникалық құралдар:

1. Арнайы таяқтар.
2. Брайль жүйесі бойынша жазуға арналған аспап, Брайль жүйесі бойынша жазуға арналған грифель, рельефтік-нүктелік қаріппен жазуға арналған қағаз.
3. Көрің нашарлаған тұлғаларға арналған сағаттар.
4. Дағыбыстық хабар және диктофон бар ұзлы телефондар (2017 жылдан бастап).
5. Сөзді синтездеумен экрандық қол жеткізілетін бағадарламалық жасақтамасы бар ноутбук (2017 жылдан бастап).
6. Сөзбен көрсетілетін термометр, тонометр, глюкометр (2017 жылдан бастап).
7. Брайль қарпімен сөйлейтін өзін-өзі оқытқыш, Брайль бойынша алынатын әліппе, жіп еткізгіштер, көзі нашарлаған мүгедектерге арналған тігін инелері (2018 жылдан бастап).



Мүгедектерге қандай кепілдіктер бар?

1. Әлеуметтік қызметкерлер мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларға арнайы әлеуметтік қызмет көрсетуге қолғабыс тиізеді. Оларға үйде күтім жасау, құндіз жатып емделу, СЖБ-на сәйкес жатып емделу талаптарымен қызмет көрсетіледі (сілтеменің 11-т. қараңыз).
2. Мүгедектер психологияның тегін кеңесін алуға құқылы, отбасының бірге тұратын мүшелері де (сілтеменің 2-т. қараңыз).
3. Бірінші және екінші топ мүгедектеріне және 18 жасқа дейінгі мүгедек балаларға әкімдік бюджеттік қаржы есебінен мәдени-көріністік іс-шараларға, сондай-ақ денешішіншілдіктер мен және спортпен айналысу үшін спорт ғимараттарына тегін қол жеткізу беруге тиіс. Бұған арнайы спорт керек-жарақтарын беру де кіреді. Үшінші топтың мүгедектері барлық көрсетілгендерді 50 пайыз жеңілдікпен ала алады (сілтеменің 1-т. қараңыз).
4. Мүгедекке дәрігер үйге келеді. Мүгедек денсаулық сақтау үйімінде апару талабын да қоя алады (мүгедектердің кейір санаттарына беріледі – сілтеменің 5-т. қараңыз).
5. Қозғалып жүру қыын болатын бірінші топ мүгедектеріне тегін жеке көмекші қызмет көрсетеді, ал нашар естітін мүгедектерге – ылмен сөйлесу маманы қызмет көрсетеді (СЖБ бойынша жылына отыз сағаттан аспайтын сілтеменің 7-т. қараңыз).
6. Мүгедектерге мемлекеттік және басқа үйімдарда, оның ішінде денсаулық сақтау, мәдениет, байланыс, көлік үйімдарында, қызмет көрсету саласында кезектен тыс қызмет көрсетіледі (сілтеменің 1-т. қараңыз).
7. Мүгедектерге бірінші кезекте гараж салуға орын және жол жүрудің арнайы құралдарына тұрақтар, автомобилді қоса, беріледі (сілтеменің 1-т. қараңыз).


8. Әлеуметтік инфрақұрылым объектілеріне (аурухана, дүкендер, дәріханалар, кітапханалар, мемлекеттік мекемелер, автовокзалдар, аэропорттар және т.б.), сондай-ақ өндірістік ғимараттар мен бөлмелерге мүгедектердің қолы жетімді болуға тиіс (пандустармен, Брайль жүйесі бойынша жазылған маңдайшалармен, дыбыстық хабар беру жүйелерімен және т.б. жабдықталуы тиіс).
9. Мүгедектердің мемлекет құрған әлеуметтік жұмыс орындарына тұруға артықшылық құқықтары бар. Мүгедек балаға, бірінші және екінші топ мүгедектеріне құтім жасаітындар сияқты. (сілтеменің 10-т. қараңыз).
10. 01.01.2018 жылдан бастап мүгедектер арнайы жабдықталған жұмыс орындарына талап қоя алады, бұл үшін жұмыс берушілер бюджеттен арнайы субсидия ала алады (сілтеменің 10-т. қараңыз).





Мүгедек балалардың қандай құқықтары бар?

1. Мемлекеттік клиникаларда тегін зерттеуден өту, психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңес немесе медициналық-әлеуметтік сараптама алу.
2. Дене немесе психикалық функциялардың бұзылуын табылған сәттен бастап тегін түзету. Медициналық көрсеткіштер бойынша протездік-ортопедикалық бұйымдар мен аяқ күімдердің, арнайы қаріппен басылған басылымдармен, дыбыс қүшеттің аппаратурамен және белгі берушілермен компенсаторлық техникалық құралдармен тегін қаматамасыз ету (сілтеменің 8-т. қараңыз).
3. Психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңестің қорытындысы бойынша тегін мектеп алдындағы немесе орта білім.
4. Жоғарғы оқу орындарында немесе жоғары оқу орындары мен колledgeде білім гранттарын алу конкурсында бірінші және екінші топ мүгедектерінің, оқытуудың кері әсері болмайтын бала кезінен мүгедектің бірдей баға алған кездерінде артықшылықтары бар. (сілтеменің 9-т. қараңыз).
5. Көзің нашар көретін және нашар естітін мүгедектердің, жетім балалар мен ата-ана асырауының қалған, қамқоршылар (бағып-қағушылар) қолындағы балалардың, сондай-ақ аралық аттесттаттау кезінде «өте жақсы» деген баға алған студенттер мен магистранттардың жоғарғы оқу орындарында көтеріңкі мемлекеттік стипендия алуға құқықтары бар. (сілтеменің 9-т. қараңыз).



***Мүгедектер өз құқықтарын қорғау кезінде сүйенуге тиіс заңдар тізімі:**

1. ҚР 2005 жылғы 13 сәуірдегі № 39 «Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» Заңы.
2. ҚР Үкіметінң 2009 жылғы 14 наурыздағы № 330 «Арнайы әлеуметтік қызметтердің кепілдендірілген көлемінің тізбесін бекіту туралы» қаулысы.
3. ҚР Үкіметінің 2009 жылғы 15 желтоқсандағы № 2136 «Тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемінің тізбесін бекіту туралы» қаулысы.
4. ҚР Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2011 жылғы 4 қарашадағы №786 «Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің шеңберінде дәрілік заттармен және медициналық мақсаттағы бұйымдармен, оның ішінде белгілі бір аурулары (жай-күйлері) бар азаматтардың жекелеген санаттарына амбулаториялық деңгейде тегін немесе жеңілдікпен берілетін дәрілік заттармен және мамандандырылған емдік өнімдердің тізбесін бекіту туралы бұйрығы.
5. ҚР денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінң 2015 жылғы 28 сәуірдегі №281 Алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсету қағидаларын және Азаматтарды алғашқы медициналық-санитарлық көмек үйімдарына бекіту қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы.
6. ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 20 шілдедегі №754 «Мүгедектерге берілетін техникалық көмекші құралдардың (компенсаторлық) және арнайы қозғалыс құралдарының тізбесі бекіту туралы» қаулысы, ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 20 шілдедегі №754 «Мүгедектерге берілетін техникалық көмекші құралдардың (компенсаторлық) және арнайы қозғалыс құралдарының тізбесі бекіту туралы» қаулысына өзгерістер енгізу туралы 2015 жылғы 23 желтоқсандағы №1036 қаулысы.



7. ҚР денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 22 қаңтардағы №26 «Мүгедектерді сауықтырудың кейбір мәселелері туралы» бұйрығы.
8. ҚР 2002 жылғы 11 шілдедегі № 343-II «Мүмкіндіктері шектеулі балаларға әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзету қолдауын көрсету туралы» Заңы.
9. ҚР 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III «Білім туралы заңы».
10. ҚР 2016 жылғы 6 сәуірдең № 482-V «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңы.
11. ҚР денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 26 наурыздағы №165 «Халықты әлеуметтік қорғау саласында жартылай стационарлық жағдайда арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету стандартын бекіту туралы» бұйрығы.





Онкологиялық дертке шалдыққандарға
көмек кесететін қоғамдық қор

Freepik.com сайтынан алынған суреттер